

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

Сабақтың тақырыбы:
Кәсіби маманға қойылатын талаптар

Дәріс оқушы: доцент Қалыбекова Қаламқас Сағындыққызы

Қ а р а ғ а н д ы , 2 0 2 5

01

Қайырлы күн, құрметті студенттер!

Бүгінгі сабағымызды бастаймыз.

Сабақтың тақырыбы – Кәсіби маманға қойылатын талаптар.

Сабақ барысында біз негізгі ұғымдармен танысып,
тәжірибелік тапсырмалар орындаймыз.

Назар қойып тыңдауларыңызды сұраймын!

Сабақтың мақсаты:

Болашақ мамандардың кәсіби біліктілігі мен жеке қабілеттерін айқындау. Кәсіби маманға қажетті білім, дағды және құзыреттілік талаптарын көрсету. Мамандыққа тән кәсіби-этикалық нормаларды қалыптастыру.

Жауапкершілік, еңбекқорлық, тілдік мәдениет, кәсіби қарым-қатынас секілді сапалардың маңызын ашу. Студенттерді кәсіби қызметке дайындау барысында теориялық білімді практикамен ұштастыруға бағыттау.

02

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз.

Қазіргі заманда кез келген саладағы маманға қойылатын талаптар күннен-күнге артып келеді. Ғылым мен техника дамыған, ақпараттық қоғам қалыптасқан кезеңде кәсіби маман тек өз саласының теориялық және практикалық білімін меңгерумен шектелмей, жан-жақты құзыретті болуы тиіс.

Біріншіден, кәсіби маманның басты талаптарының бірі – біліктілік. Маман өз саласына қатысты ғылыми негіздерді толық меңгеріп, кәсіби терминдерді еркін қолдана білуі қажет. Бұл оның жұмыс сапасын арттырып, бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді.

Екіншіден, маманға қойылатын маңызды талап – жауапкершілік пен еңбекқорлық. Әрбір істі ұқыптылықпен орындау, уақытты тиімді пайдалану, кәсіби этиканы сақтау – нағыз маманның көрсеткіші.

Мәтіннің жалғасы:

Үшіншіден, кәсіби маманның бойында шығармашылық қабілет пен жаңашыл ойлау дағдысы болуы шарт. Қазіргі еңбек нарығы жаңа идеялар мен тың шешімдерді қажет етеді.

Сондықтан маман әрдайым ізденісте болып, кәсіби дамуға дайын болуы тиіс.

Төртіншіден, кез келген маманға тілдік мәдениет пен қарым-қатынас шеберлігі ауадай қажет.

Кәсіби ортада дұрыс сөйлей білу, ойын нақты жеткізу, мемлекеттік тілде сауатты құжат жүргізу – білікті маманның айнасы.

Мәтіннің жалғасы:

Сондай-ақ кәсіби маманнан әлеуметтік жауапкершілік, ұйымдастырушылық қабілет, ұжыммен жұмыс істей білу талап етіледі. Себебі қазіргі заманғы өндіріс пен ғылым бір ғана адамның еңбегіне емес, тұтас ұжымдық еңбектің нәтижесіне негізделген.

Кәсіби маманға қойылатын талаптар тек кәсіби білім мен тәжірибемен шектелмейді.

Ол — жан-жақты ойлайтын, заманауи технологияларды меңгерген, тілдік мәдениеті жоғары, кәсіби этиканы берік ұстанатын тұлға. Мұндай талаптарды орындау арқылы ғана маман өз саласында биік нәтижеге жете алады.

Мәтіннің жалғасы:

Кәсіби маман болу дегеніміз – белгілі бір саладағы терең білім мен тәжірибені ғана емес, сонымен бірге кәсіби этика мен өз-өзіне қойылатын жоғары талаптарды меңгеру дегенді білдіреді.

Қазіргі заманғы еңбек нарығы кәсіби мамандардан жоғары деңгейдегі біліктілікпен қатар, сан қырлы қабілеттерді талап етеді.

Сондықтан кәсіби маманның қызметтік міндеттері мен жеке қасиеттерінің үйлесімі маңызды болып табылады.

Мәтіннің жалғасы:

Адамгершілік және кәсіби этикаға ерекше мән берілуі қажет. Жұмыс орнында әріптестер мен клиенттерге құрметпен қарау, шынайылық пен адалдық таныту — кәсіби маманның абыройын арттыратын маңызды факторлар.

Мамандық тек техникалық білім ғана емес, сонымен бірге адамның жан дүниесі мен мінез-құлқының көрінісі екенін ұмытпау керек.

Қорыта келгенде, кәсіби маманға қойылатын талаптар – бұл кешенді талаптар жүйесі. Олар білімді, тәжірибелі, жауапты, коммуникабельді және шығармашыл болумен қатар, адамгершілік құндылықтарды да қамтиды. Мұндай маман ғана өз ісінің нағыз кәсіби шебері бола алады.

2-тапсырма. Түсіндірме сөздікпен жұмыс. Есіңізге сақтап алыңыз.

- ❖ кәсіби маман —
- ❖ сала—
- ❖ жауапкершілік—
- ❖ еңбекқорлық—
- ❖ ұқыптылық—
- ❖ көрсеткіш—
- ❖ шығармашылық қабілет—
- ❖ жаңашыл ойлау—
- ❖ мамандық—
- ❖ мол тәжірибе
- ❖ қажеттілік—
- ❖ шарт—
- ❖ жауапкершілікті сезіну—
- ❖ ерекше құлшыныс—
- ❖ сүйікті іс—
- ❖ кәсіби даму—
- ❖ кәсіби орта—
- ❖ ұжым—

08

Кестеде кәсіби маманға қойылатын талаптарға мысалдар келтірілген:

Талаптар	Мазмұны	Мысалдар
Білім мен дағдылар	Теориялық және практикалық білімге ие болу.	Тілдік нормаларды білу, мәтін жазу.
Жауапкершілік	Жұмысты уақытында және сапалы орындау.	Тапсырманы белгіленген мерзімде аяқтау.
Коммуникация	Өз ойын нақты жеткізу, топпен жұмыс істеу.	Топтық талқылауға қатысу.
Жаңашылдық	Жаңа технологиялар мен әдістерді меңгеру.	Компьютерлік бағдарламаларды қолдану.
Мәдениет және этика	Әдептілік, басқаларды сыйлау, еңбек мәдениеті.	Жұмыс орнында әдептілік сақтау.

3-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз?

- ❖ Қазіргі таңда қоғам алдында тұрған басты міндет қандай мамандарды дайындау?
- ❖ Кәсіби маманға қандай талаптар қойылады?

4-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып жазып, аударыңыз.

- ❖ Кәсіп, кәсіп түбі –
- ❖ Мың кәсіпке ... ,
Бір кәсіптен
- ❖ Етікшіні балға мен бізі ... ,
... кетпеннің жүзі асырайды.
... инесі асырайды.
- ❖ Зергер білімді болса ... ,
білімсіз болса

5-тапсырма. Мәтіннен терминдерді теріп жазып, оларға түсіндірме сөздіктің көмегімен түсініктеме беріп, мағынасын есте сақтаңыз.

6-тапсырма. Мәтіннен барыс, жатыс септікте тұрған сөздерді теріп жазып, сөйлем құраңыз.

Мысалы: Мамандыққа. Жоғарғы оқу орнын таңдаған кезде, мамандыққа мән беру қажет.

7-тапсырма. Мәтіннен төмендегі сөздерге мағынасы жуық (синоним) сөздерді табыңыз, сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

Талап, қабілет, жауапкершілік, құзірет, шығармашылық.

8-тапсырма. Прагматикалық талдау.

Мәтіннің негізгі мақсаты қандай? Оның кәсіби маман даярлаудағы маңызы неде? Өз көзқарасыңызды қосып жазыңыз.

9-тапсырма. Шығармашылық жұмыс.

«Болашақ кәсіби маманға қойылатын басты үш талап» тақырыбында 10-12 сөйлемдік ойтолғау жазыңыз.

10-тапсырма. Морфологиялық тапсырма.

Мәтіннен бес етістік, бес сын есімді теріп жазыңыз. Олардың грамматикалық тұлғасын көрсетіңіз (тәуелдік, септік, жіктік, шақ, шырай тағы басқа).

11-тапсырма. Тест сұрақтары

Кәсіби маманға ең бірінші қойылатын талап:

- а) шығармашылық қабілет
- ә) жауапкершілік
- б) қаржылық жағдай
- в) Ұжымдағы орны

2. Ғылыми стильге тән емес белгі:

- а) дәлдік
- ә) бейнелілік
- б) ресмилік
- в) терминдердің қолданылуы

3. Мәтіннің прагматикалық бағыты:

- а) көркем әсер беру
- ә) ғылыми ақпарат ұсыну
- б) ресми мәлімет жариялау
- в) эмоцияға бөлеу

12-тапсырма. Сұқбат құрастыру.

«*Кәсіби маман қандай болу керек?*» тақырыбында студент пен ұстаз арасында 8–10 репликадан тұратын диалог жазыңыз. Мәтіндегі негізгі ойларды қолданыңыз.

Сіздердің тілдеріңізді жаттықтыру үшін мақал-мәтел ұсынайын.

❖ **Мақал:** Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады.

Мағынасы: Ақыл мен білімнің күші дене қуатынан артық екенін білдіреді.

❖ **Оқу** – инемен құдық қазғандай.

Мағынасы: білім алу оңай емес, ол төзімділік пен еңбекті қажет етеді.

❖ **Тіліңді бақсаң** – түбінді сақтарсың.

Мағынасы: сөзге абай болу – адамның абыройы мен өмірінің кепілі.

13-тапсырма: Жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша оқу-білім туралы бірнеше мақал-мәтел жазып, мағынасын түсіндіріңіз.

Үй тапсырмасы:

- ❖ Мәтінді оқып, әңгімелеңіз.
- ❖ Тақырып бойынша берілген сөз тіркестерін аудармасымен жаттаңыз.
- ❖ Мәтіннен кез-келген екі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

**Назар
аударғандарыңызға
рақмет!**

19